

реформы, которая позволяет иностранным гражданам приобретать землю в долгосрочную аренду. В 2021 году произошли «Январские события», которые позже получили историческое название - «Қаңтар». В попытках захвата власти произошла борьба между элитой страны, в результате чего народ Казахстана вышел на митинги в основных городах. Самое ожесточенное столкновение произошло в г. Алматы. В дни митингов по всему Казахстану отключали интернет, сотовую связь, во избежание информационной борьбы и всеобщей паники. Отключение интернета стало новым рычагом управления социальными сетями в Казахстане начиная с 2019 года, что снова подчеркивает сохраняемый авторитарный режим Казахстана.

Казахстанская система классифицируется как информационная автократия, при этом контролируемые государством СМИ распространяют пропаганду, что приводит к неравенству в политических знаниях между образованной элитой и широкими слоями населения.

#### **Список использованных источников**

1. CASTELLS, M. *Networks of Outrage and Hope: Social Movements in the Internet Age*. 2 edition. Cambridge, UK ; Malden, MA: Polity. 2015. 3 p.
2. ABLYAZOV, M. “Announcement on the establishment of the civil movement ‘Democratic Choice of Kazakhstan.’” Facebook. April 20, 2017.
3. DIAMOND, L. “Facing Up to the Democratic Recession.” *Journal of Democracy*. 1995. 141–155 p.
4. GURIEV, S. and TREISMAN, D. “Informational Autocrats.” *Journal of Economic Perspectives* 33. 2019. 100–127 p.
5. CHEHABI, H. E. and LINZ, J. J., eds. *Sultanistic Regimes*. 1St Edition edition. Baltimore: Johns Hopkins University Press. 1998. 261-288 p.
6. MCKEON, R.T., GITOMER, D. H. “Social Media, Political Mobilization, and HighStakes Testing.” *Frontiers in Education* 4. 2019. 112 p.
7. MOROZOV, E. *The Net Delusion: The Dark Side of Internet Freedom*. Reprint edition. New York, NY: PublicAffairs. 2012.
8. “Freedom in the World 2019. Country Report. Kazakhstan”. January 30, 2019. <https://freedomhouse.org/report/freedom-world/2019/kazakhstan>.
9. “Democracy Has Grown across the World over the Past Four Decades”. Pew Research Center. March 13, 2019. [https://www.pewresearch.org/fact-tank/2019/05/14/more-than-half-of-countries-are-democratic/ft\\_19-05-02\\_democracyupdate\\_map/](https://www.pewresearch.org/fact-tank/2019/05/14/more-than-half-of-countries-are-democratic/ft_19-05-02_democracyupdate_map/).
10. LINZ, J. J. and STEPAN, A. *Problems of Democratic Transition and Consolidation: Southern Europe, South America, and Post-Communist Europe* // Baltimore: Johns Hopkins University Press. 1999. 56 p.
11. LINZ, J. J. *Totalitarian and Authoritarian Regimes*. Lynne Rienner Publishers. 2000.
12. GEDDES, B. “What Do We Know About Democratization After Twenty Years?” *Annual Review of Political Science* 2. 1999. 115–144 p.
13. KOVALEVA, T. “Abaev: about 77% of Kazakhstan is with the internet.” *Zakon.kz*. February 16, 2018. <https://www.zakon.kz/4904189-abaev-77-naseleniya-kazahstana.html>

ӘОЖ 324.256 (575.2)

#### **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САЙЛАУ ИНСТИТУТЫНДАҒЫ РЕФОРМАЛАР ЭВОЛЮЦИЯСЫ**

**Інкаш Дария Берікқызы**  
[dariyainkash@mail.ru](mailto:dariyainkash@mail.ru)

7310

«Саясаттану» білім беру бағдарламасы бойынша 2-курс магистранты  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.,  
Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекші: с.ғ.к., доцент Жанпейісова Қ.Д.

**Аннотация.** Бүгінде, сайлау институтындағы саяси-құқықтық жетілдіру мәселелеріне баса назар аудару маңызды. Кейінгі жылдары Қазақстанда аталған сала бойынша бірнеше реформа жүргізіліп, түрлі заңнамалық өзгеріс енгізілді. Осы ретте сол реформалардың әсерін талдау және олардың халықаралық стандарттар мен озық тәжірибелерге сәйкестігін бағалау уақыт кезеңдеріне сәйкес ғылыми тұрғыда зерттеліп отыруы тиіс. Сондықтан Қазақстан Республикасындағы сайлау институтын одан әрі дамыту мақсатында оны жетілдірудегі негізгі проблемаларды анықтау қашан да жан-жақты терең талдауды қажет ететін процесс. Соған байланысты осы мақалада тәуелсіз Қазақстанның сайлау жүйесіндегі негізгі реформалар құқықтық-нормативтік құжаттар тұрғысынан талданды.

**Кілт сөздер:** Қазақстан Республикасы, сайлау жүйесі, сайлау институты, реформа, сайлау жүйесіндегі реформа, сайлау.

Сайлау институты – конституциялық құрылымның маңызды элементі. Оның негізгі – мақсаты мемлекеттік биліктің заңды, өкілді институттарын, жергілікті өзін-өзі басқару органдарын қалыптастыру.

Қазіргі таңда Қазақстанның сайлау институты сайлау заңнамасының динамикалық дамуымен ғана емес, оның тұрақты жаңаруымен және өзгерістердің қарама-қайшылығымен де сипатталады. Осы жағдайлар негізінде саяси институттар теориясы мен конституциялық құқық тұрғысынан сайлау институтын жетілдірудегі проблемаларға талдау жасап, оны зерттеу өзекті саналады.

Сайлау институтындағы реформалаудың негізгі міндеттері: саяси бәсекелестікті және сайлау процесіндегі ашықтық деңгейін арттыру, қоғамдық бақылау тетіктерін күшейту, сайлау процесіне заманауи ақпараттық технологияларды енгізу, сондай-ақ сайлау жүйесін сыртқы күштердің араласуынан қорғаудың тиімді тәсілдерін әзірлеу қажеттілігімен айқындалады.

Қазақстанның сайлау жүйесін трансформациялаудағы жаңа бетбұрыс Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясының қабылдануымен тығыз байланысты болды [1]. Себебі, осы кезден бастап президенттік республиканың екі палаталы Парламент және жергілікті өкілді органдар – мәслихаттардан тұратын жолды таңдаған Қазақстанның сайлау жүйесінің түбегейлі реформалар қабылдана бастады.

Сайлау жүйесіндегі алғашқы өзгерістердің заңнамалық негізін 1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы [1] және соған сәйкес қабылданған «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» 1995 жылғы 28 қыркүйектегі №2464 Конституциялық заң күші бар Президент Жарлығы құрады. Онда Президентті, Сенат пен мәжіліс, мәслихат депутаттарын, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайлау өткізу рәсімдері құқықтық тұрғыда регламенттелді. Алайда, сол кезеңде аталған заңда жергілікті өзін-өзі басқару ұғымы туралы нақты түсінік болған жоқ. Осы ретте Қазақстан Республикасының Конституциясына 2007 жылғы 21 мамырдағы енгізілген түзетулер [2] шеңберінде Жергілікті өзін-өзі басқару мәслихаттар арқылы жүзеге асырылатыны нақтыланды (89-бап). Сонымен қатар ондағы 85-бап негізінде мәслихаттар жергілікті мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын органдарға жататыны айқындалды.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасының сайлау жүйесіндегі ең негізгі реформалардың бірі 1998 жылғы 7 қазандағы Конституциялық реформаға сәйкес, Президент 7 жылға, Сенат 6 жылға, ал Мәжіліс 5 жылға сайланатын болып өзгеріп, өкілеттіктердің жаңа мерзімдері белгіленді [3]. Бұдан бөлек, дәл осы реформа негізінде

алғаш рет аралас сайлау жүйесіне көшу туралы шешім қабылданды: пропорционалды және мажоритарлық. Нәтижесінде, Мәжілістегі 10 мандат партиялық тізім бойынша сайлаушылардың кемінде 7% дауысын жинаған партиялар арасында бөлінді. Осылайша, 1999 жылдың желтоқсанында алғаш рет жаңа сайлау жүйесі бойынша сайлау өтті.

Елдегі сайлау жүйесіне қатысты келесі бір маңызды өзгерістер 2007 жылғы 16 мамырда жаңа конституциялық реформа арқылы енгізілді. Оған сәйкес қолданыстағы жеті жылдық мерзім аяқталғаннан кейін президенттің өкілеттік мерзімі 5 жылға дейін қысқартылды. Соған сәйкес ҚР Конституциясының 42-бабында Тұңғыш Президентті қоспағанда, «бір адам қатарынан екі реттен артық Республика Президенті болып сайлана алмайды» деп жазылды [4]. Осылайша, Президент өкілеттігінің жиі өзгеретін мерзімдеріне бір кандидатты бірнеше рет қайта сайлаудың қалыптасқан тенденциясын тоқтатуға бағытталған алғашқы қадам жасалды. Нақтырақ айтқанда, елде президенттің өкілеттік мерзімі осы уақытқа дейін бірнеше рет өзгерді: 1991 жылы – 5 жыл, 1998 жылы – 7 жыл, 2007 жылы – 5 жыл және 2022 жылы қайтадан 7 жыл болып белгіленді.

Бір кандидатты бірнеше рет сайлау тенденциясын жоюға қатысты нақты ережені Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев енгізді. Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында [5] осы идеяны ұсынып, 2022 жылғы 17 қыркүйекте бұл ұсыныс Заңмен бекітілді: «Республика Президенті жеті жыл мерзімге сайланады және ол адам Республиканың президенті болып бір реттен артық сайлана алмайды».

Қазақстандағы сайлау жүйесінде орын алған елеулі өзгерістердің бірі – ол әкімдерді сайлау жөніндегі шешім. 2021 жылы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауында айтылған идея негізінде аталған ұсыныс іске асырыла бастады. Осылайша, төменгі деңгейдегі әкімдерді сайлауды реттейтін қосымша бірқатар нормативтік акті қабылданды:

1) «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы 2021 жылғы 24 мамырдағы №41–VII ҚРЗ [6];

2) «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы №156-VII ҚРЗ [7];

3) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы No 157-VII ҚРЗ [8].

Нәтижесінде қазіргі уақытта төменгі деңгейдегі әкімдерді (аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар мен ауылдық округтер) тікелей сайлау заңмен бекітілді. Осы аталған заңнамалар аясында 2021 жылдан бастап ауыл әкімдерін сайлау процесі тұрақты негізде өткізіліп келеді. Ал 2023 жылдың 5 қарашасында пилоттық негізде аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің сайлауы өтті. Алдағы уақытта облыс әкімдерін сайлауға кезең-кезеңімен көшу жоспарланып отыр.

Бүгінгі таңда ХХ ғасырдың 90-жылдарында басталған Қазақстандағы сайлау жүйесін жетілдіру жұмыстары әлі де жүргізіліп келеді. Жаңа технологиялар мен уақыт талабына сәйкес және саяси жүйенің трансформациялануы жағдайында неғұрлым тиімді сайлау жүйесін қалыптастыру қадамдары жалғаса бермек.

Қазақстанның заманауи сайлау жүйесі 2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар негізінде жұмыс істеп тұр. Алдағы уақытта жоғарыда айтылғандай әлі бірқатар реформалар қабылданары сөзсіз.

Сондай реформалар алдағы уақытта Қазақстан Республикасының сайлау жүйесіне цифрлық технологияларды енгізу болуы мүмкін. Сайлау жүйесін цифрландыру сайлаудың

тиімділігін, ашықтығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Оның бірқатар маңызды артықшылықтарына тоқталып өтсек:

➤ цифрлық технологиялар сайлаушылар үшін географиялық және физикалық кедергілерді жою арқылы дауыс беру процесін қол жетімді ете алады. Бұл әсіресе шалғай аудандардың тұрғындары, мүмкіндігі шектеулі жандар және шетелдегі азаматтар үшін тиімді болмақ.

➤ цифрлық жүйелер кандидаттарды тіркеуден бастап дауыстарды санауға дейінгі сайлау процесінің әр кезеңінде ашықтықты орнатуға мүмкіндік беріп, сәйкесінше, сайлаушылардың сайлау нәтижелеріне деген сенімін арттырады.

➤ цифрлық технологиялар бірнеше рет дауыс беру немесе нәтижелерді қолдан жасау сияқты сайлау құқығының бұзылу қаупін азайтуы мүмкін. Мәселен, электронды дауыс беру жүйелері дауыстардың сенімді есебін қамтамасыз ете отырып ықтимал алаяқтықтың алдын алады.

➤ сандық жүйелер сайлау процесіне қатысты көптеген процестерді автоматтандыруға мүмкіндік береді, бұл сайлау комиссияларының тезірек және тиімді жұмысына ықпал етеді. Сонымен қатар сайлау шығындарын азайтуы мүмкін.

➤ сайлау процесінде цифрлық технологияларды қолдану сайлаушыларға дауыс беру мен қоғамдық өмірге қатысудың ыңғайлы және қолжетімді тәсілдерін ұсына отырып, олардың қызығушылығы мен қатысу деңгейін арттыруға да ісер етуі мүмкін.

Демек, Қазақстан Республикасының сайлау жүйесіне цифрлық технологияларды енгізу арқылы ең алдымен сайлаудың ашықтығын, қауіпсіздігі мен демократия принциптерін сақтауды қамтамасыз етіп, заманауи әрі тиімді сайлау жүйесін қалыптастыруға ықпал етуге болады.

Осы зерттеу барысында Қазақстан Республикасының сайлау институтындағы реформалардың эволюциясы талданды. Талдау нәтижелерін келесідей қорытындылауға болады:

1. Қазақстан Республикасының сайлау институты соңғы онжылдықтың ішінде демократиялық қағидаттар мен сайлаудың ашықтығын нығайтуға ұмтылысын көрсете отырып, елеулі өзгерістерге ұшырады.

2. Жүзеге асырылған реформалар, соның ішінде сайлау заңнамасындағы өзгерістер мен сайлау жүйесін жетілдіру шаралары сайлау процесін жақсартуға және сайлаушылардың жүйеге деген сенімін арттыруға ықпал етті.

4. Түрлі жетістіктерге қарамастан, елде бұдан да күшті, әділ, ашық және демократиялық сайлауды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік және қоғамдық институттардың назар аударуы мен күш-жігерін қажет ететін қиындықтар мен проблемалар бар.

Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасының сайлау институтындағы реформалар эволюциясын талдау елдегі сайлаудың демократиялық қағидаттары мен заңдылығын қамтамасыз ету мақсатында сайлау жүйесін үнемі жаңғырту мен жетілдірудің маңыздылығын көрсетеді.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған), // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>

2. «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2007 жылғы 21 мамырдағы N 254-III Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің кейбір нормативтік қаулыларын қайта қарау туралы. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 2007 жылғы 8 қарашадағы №9 Қаулысы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/S070000009>

3. «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 7 қазандағы №284-І // [#z0](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000284)

4. «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 мамырдағы №254 Заңы // [#z0](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000254)

5. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2020 жылғы 1 қыркүйек // [https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses\\_of\\_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek](https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2020-zhylgy-1-kyrkuiek)

6. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы 2021 жылғы 24 мамырдағы №41–VII ҚРЗ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2100000041>

7. «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы №156-VII ҚРЗ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000156/history>

8. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2022 жылғы 5 қарашадағы №157-VII ҚРЗ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2200000157>

## ПОДСЕКЦИЯ 13.2. ЖУРНАЛИСТИКА / ЖУРНАЛИСТИКА

### ВНЕШНЕПОЛИТИЧЕСКАЯ СТРАТЕГИЯ ЕВРОПЕЙСКОГО СОЮЗА В НОВЕЙШИХ ГЕОПОЛИТИЧЕСКИХ УСЛОВИЯХ

Кауметова Индира Турсынхановна

[kaumetova-indira@inbox.ru](mailto:kaumetova-indira@inbox.ru)

магистрантка 1 курса кафедры политологии и факультета

Журналистики и политологии ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Таштемханова Р.М., профессор кафедры политологии

#### Аннотация

Европейский Союз представляет собой уникальный пример интеграционного объединения, прошедшего достаточно сложный путь от зоны свободной торговли и таможенного союза до создания не только экономического и валютного союза, но и политической интеграции.

Формирование общей внешней политики стало возможно именно благодаря успешной экономической интеграции, что определило и инструменты внешней политики Европейского союза, связанные с понятием «мягкой силы». В основе сотрудничества с внешними игроками Европейского союза предлагает экономическую помощь в обмен на реализацию курса, выгодного Европейскому союзу, а также выполнения страной, сотрудничающей с ЕС, обязательств по внедрению ценностей ЕС в разных сферах.

Сегодня мир столкнулся с чередой глобальных потрясений, начиная от пандемии коронавируса до военных конфликтов и применение санкций. Однозначно, это оказывает влияние на ведение внешней политики всех международных игроков. Европейский Союз и без того в последние годы находится в ситуации «непрерывного кризиса», сокращающего